

**«Қ.Сәтбаев атындағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған
гимназиясы» КММ**

Қамқоршылық кеңестің хаттамасы № 1

Күні:

Қатысқандар: гимназия директоры А.Дюсембаев, ДТІЖО А. Мухитова,
кеңес мүшелері 9 адам

Шақырылғандар: мектеп директоры ДТІЖО

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңесінің торағасын сайлау.
2. Аз қамтылған отбасы балаларын тегін тамаққа ұсыну туралы.
3. Аз қамтылған отбасы балаларының ішінен оқушылар 2 оқушыны Президент,
1 оқушыны облыс әкімі шыршасына қатыстуға ұсыну.

Тыңдалды:

ДТІЖО А. Мухитова, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысы негізін басшылыққа ала отырып, Мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидалары туралы қаулыны басшылыққа ала отырып, мектепте қазіргі таңда 9 баланың ата-анасы ашық акиматқа өтініш өткізген. Оның бірі 8 «б» сынып оқушысы Қалтай Жансаяның әкесі Аябаев Амангельдіден. Кеңес мүшелері отбасылардың әлеуметтік жағдайы, табыс көзі, кәмелекетке толмаған мүшелері туралы ақпаратты растау құжаттарын ұсынуды өтінді. Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары А.Бөкенбаевна өтініш берген отбасылардың тұрмыстық жағдайын зерттеу актісімен, құжаттарымен таныстырып өтті. Ашық акимат арқылы әлеуметтік атаулы көмек алуға құжаттары өтпегендіктен, қамқоршылық кеңес шешімі арқылы тегін тамақтанумен қамтуын қарастыруды ұсынды.

Ұсынылған құжаттармен және отбасын зерттеу қорытындысын сараптай келе кеңес мүшесі Ахмекенова А.С 8«б» сынып оқушысы Қалтай Жансаяның асхана арендаторы есебінен тегін тамақпен қамтуды ұсынды. Қалған кеңес мүшелері де балаларға жалпы білім беру қорынан қаржылай көмек беруді қолдап, дауыс берді. Сол ата-аналардың ішінде баласы үш жасқа толмаған ана өтініш өткізген. Баламен үйде отырғанын білеміз. Декреттік демалыста отыр деген анықтама әкеле алмайды.

ДТІЖО А.Бөкенбаевна төмендегі оқушылардың ішінде анасы баласы үшке толмағандықтан үйде отырған аналар бар. Осы ата-аналардың балаларын тегін тамаққа кіргізу үшін, қамқоршылық кеңесінің шешіміне ұсынамын. Жалпы 9 бала. Ата-аналар өтініш берген күннен бастап, бес күн есебінде сынып жетекшілері ата-аналардың үйлерінде болып тұрмыстық зерттеу АКТ-сін толтырды.

Р/с	Оқушының аты-жөні	Туған жылы, айы	Сынып	Әлеуметтік деңгейі(НОБД)	Ата-анасы	Мекен -жайы
1	Аскерқызы Нұрниса	21.09.2010	9ә	Күн көріс деңгейінен төмен	Хайса Зейнеп	Әуезов,65-81
2	Аскерұлы Нұрғиса	21.09.2010	9б	Күн көріс деңгейінен төмен	Хайса Зейнеп	Әуезов,65-81
3	Олимпиадаұлы Мұстафа	19.03.2010	10	Кедейлік шегінен төмен	Катепбай Жупаргуль	Астана 12 – 15
4	Ханат Мөлдір	09.09.2011	8б	Күн көріс деңгейінен төмен	Оралжан Алтай	Ауэзова 69 -58
5	Батыр Асылай Рысбекқызы	05. 01.2012	8 а	Күн көріс деңгейінен төмен	Сейтбекова Жадыра Абдилақызы	Астана 14 кв 18
6	Батыр Нұрбала Рысбекқызы	11.04.2014	6 ә	Күн көріс деңгейінен төмен	Сейтбекова Жадыра Абдилақызы	Астана 14 кв 18
7	Жасқайратов Ерали Асылханович	20.01.2012	7 а	Күн көріс деңгейінен төмен	Кульбаева Салтанат Бауыржановна	Строителей 45/2 кв 64
8	Жасқайратов Санжар Асылханович	29.06.2015	5 ә	Күн көріс деңгейінен төмен	Кульбаева Салтанат Бауыржановна	Строителей 45/2 кв 64
9	Мұрабекқызы Күншуақ	13.02.2015	5 ә	Күн көріс деңгейінен төмен	Мұрабекқызы Күншуақ	Көше 5 15/1

2. Аз қамтылған отбасы балаларының ішінен 5 «ә» сынып оқушысы Батыр Нұрбала мен 7 «а» сынып оқушысы Жасқайратов Ералидің оқу үлгерімі жақсы, спорттық сайыстардың жүлдегері Павлодар облысы Ақтоғай ауданының Кёкушинкай каратэ-до бойынша ашық чемпионатында І орын, «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы 5-9 сынып оқушылары арасында республикалық «Тарих ата» олимпиадасының қорытынды турының жүлдегері. Сондай -ақ 7«ә» сынып оқушысы Мұқыш Аружанды оқу үздігі, жалпы білім беретін пәндер бойынша 6 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың қалалық кезеңінде 1 орын, республикалық пән олимпиадасының облыстық кезеңінде 3 орын, 2-7 сынып оқушылары арасында «Зерде» республикалық зерттеу жобалары конкурсының облыстық кезеңіне 3 орын, «Мағжан оқулары» атты гуманитарлық пәндер апталығы аясында мәнерлеп оқу сайысының 1 орын жеңімпазы, Жаратылыстану-тарих апталығы аясында «Тұрмыстық қалдықтарға екінші өмір сыйла» конкурсында І орын.

Осы 2 оқушы критерийлерге сәйкес келеді содықтан ұсынып отырмыз.

Кеңес мүшесі Машгутов Ерсін Мукушевич ата-аналардың балалары 18-ге толмағандығын, барлығы мектеп жасында екендігін растаймыз.

Қамқоршылық кеңесі шешті:

1. Қамқоршылық кеңесінің шешіміне сай ата-аналардың өтініші қанағаттандырылсын.
2. Жалпыға бірдей білім беру қорынан бөлінген қаражатқа тегін тамақтануға жоғарыда аталған тізімдегі балалар енгізілсін.
3. Аз қамтылған отбасыдан шыққан жоғарыда аталған 2 оқушыны Президент және облыс әкімі шыршасына қатысуға шешім қабылдансын.

ҚК төрағасы

Намиров Исин Мухомедович *Isin*

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері

Ғалиева Айгерим Аманжолқызы *Agaf*
Ғалиева Аруна Абаевна *Agaf*
Базар Назира *Agaf*
Дакит Мирава *Agaf*
Қайманов Қанабек Қармұлы *Agaf*
Ахмеджолбаева Аманжолқызы *Agaf*
Өзгелі Тұрған *Agaf*
Арыстанбаева Аманжолқызы *Agaf*
Аманжол А. *Agaf*

ҚК хатшысы